



11-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Луи Пожман «Шешімді кім
қабылдайды?» эссесі






Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Луи Пожман «Шешімді кім қабылдайды?» эссесі
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Саламатсыздар ма, құрметті студенттер! Біз өткен дәрісімізде Луи Пожманның «Шешімді кім қабылдайды?» атты эссесін қарастырып бастаған болатынбыз. Осы еңбектен келтірілген үзіндіде біз:

1. Пожман этноцентризм мен релятивизмді қалай байланыстырады?
2. Пожман әралуандық туралы тезис пен тәуелділік туралы тезис релятивизмге бастап әкелетінін қалайша түсіндіреді? деген сұрақтардың төңірегінде сөз қозғаған едік. Бүгінгі дәрісімізді біз осы шығармамен таныстырумен жалғап, Пожман мәдени релятивизм мен толеранттық идеясы арасындағы байланысты немесе оның болмауын қалай түсіндіреді? деген сұраққа жауап іздейміз.



Луи Пол Пожман (1935-2005 жж.) – америкалық философ, оның этика мен дін философиясы саласындағы жұмыстары бүкіл әлем бойынша университеттерде оқылады.

«Шешімді кім қабылдайды?»

Субъективті этикалық релятивизмнен ақылға сыйымсыз салдарлар туындайды. Егер бұл дұрыс болса, онда мораль ешбір пікірталас, ешбір тұлғааралық пайымдау туындамайтын эстетикалық талғамға ұқсас бірдеңеге айналар еді. Пожманның айтуынша, студенттердің көбі осы ұстанымды дұрыс көретінін айтқанымен, оның және басқа моральдық көзқарастардың арасында бір қарама-қайшылық бар екені анық. Мысалы, Гитлер расында да моральдық жағынан ұсқынсыз немесе өлім жазасы әрдайым дұрыс емес деген пікірлер сияқты. Субъективизм мен оны сипаттайтын мораль ұғымының арасында бір қарама-қайшылық бар, себебі мораль тұлғааралық конфликттің «дұрыс» шешілуін және адам жағдайының жақсаруын көздеуі тиіс. Басқа не істесе де, оның ең аз дегендегі мақсаты – өмірді «жалғыз, кедей, жиіркенішті, дөрекі және қысқа» ететін хаос күйінің алдын алу. Егер олай болса, онда субъективизмнің мұнда көмегі жоқ, себебі ол принциптердің әлеуметтік келісіміне немесе ортақ игілікті көздеу үшін адамдарды байланыстыратын нормалардың объективті тәуелсіз жиынтығына арқа сүйемейді.

Субъективизм жеке адамдарды әлеуметтік ойын үстеліндегі бильярд шарлары сияқты қарастырады, дейді Пожман, олар мұнда тек шешуші қақтығыстарда ғана кездесіп, олардың әрқайсысы өз мақсатына ұмтыла отырып, өзін жеңбей тұрғанда басқаны жеңуге талпынады. Жеке тұлғаға деген осы бір атомистік көзқарасты біздің ортақ тілді, ортақ институттар мен әдеттерді пайдаланатын отбасыларда және өзара байланысты қауымдастықтарда өсіп-жетіліп, бір-біріміздің қуанышымыз бен қайғымызға ортақтасып, оны жиі сезетіндігіміз теріске шығарады. Ағылшын ақыны және уағызшысы Джон Донның «бірде бір адам өздігінен оңаша арал емес, әрбір адам – бір континенттің бөлігі ғана» деген керемет сөзі осының дәлелі секілді.

Радикалды индивидуалистік релятивизм қисынсыз болып көрінеді. Егер бұл расымен де солай болса, онда этикалық релятивизмге қатысты жалғыз топтағы немесе мәдениеттегі моральды негіздей алатын көзқарас қана шындыққа жанасады. Релятивизмнің бұл формасы «конвенционализм» деп аталады, ендігі кезекті осы бағытқа берейік.

Конвенциялық этикалық релятивизм

Сонымен, конвенциялық этикалық релятивизм немесе конвенционализм туралы Пожман не дейді екен?

Конвенциялық этикалық релятивизм – немесе объективті моральдық принциптер жоқ, ал шынайы моральдық принциптер тек мәдени тұрғыда қабылданған болғандықтан ғана құнды дейтін көзқарас - моральдың әлеуметтік табиғатын мойындайды. Оның күші мен құндылығы да сонда. Ол субъективизмге тән абсурдқа жеткізетін салдарға әкеп соқтырмайды. Әдет-ғұрыптар мен сенімдердің қалыптасуындағы әлеуметтік ортаның маңыздылығын мойындай отырып, көптеген адамдар этикалық релятивизмді дұрыс этикалық теория санайды. Оған қоса, оларға либералды философиялық ұстаным ұнамды көрінеді. Бұл этноцентризмнің кемшілігіне қарсы айқындаушы жауап секілді, әрі басқа мәдениеттерге деген



толерантты көзқарасты білдіреді немесе соған сілтеме жасайды. Рут Бенедикттің айтуынша, этикалық салыстырмалықты мойындасақ, «біз үміттің бастауы мен толеранттықтың жаңа тұғыры ретінде адамзаттың өзі күйбең тіршіліктен құрып алған қатар өмір сүруші және құндылығы өзара тең өмір паттерндерін қабыл ала отырып, біршама нақты дүниеге жақын әлеуметтік сенімге келеміз». Осы ұстанымды құп көретіндер арасындағы ең танымал ғалымдардың бірі – антрополог Мелвилл Херсковиц этикалық релятивизмнің мәдениетаралық толеранттыққа алып келетінін Бенедикттен де айқын, дәлелді түрде айтып, сендіреді:

Мелвилл Джин Херсковиц (1895-1963 жж.) – америкалық этнограф, антрополог, африканистика мен АҚШ-дағы афроамерикалықтар туралы зерттеулердің негізін қалаушылардың бірі.



1. Егер мораль өз мәдениетіне қарай салыстырмалы болса, онда өзіндікінен басқа ешбір мәдениет моралін сынауға ешқандай тәуелсіз негіз жоқ.
2. Егер кез-келген басқа мәдениетті сынаудың тәуелсіз амалы жоқ болса, онда біз басқа мәдениеттер моралына толерантты болуға тиіспіз.
3. Мораль өз мәдениетіне қарай салыстырмалы сипатқа ие.
Демек, бұдан төртінші тұжырым шығады:
4. Біз басқа мәдениеттердің моралына толерантты болуға міндеттіміз.

Әлбетте, толеранттық – ізгі қасиет, бірақ ол үшін бұл жақсы аргумент пе? Пожман бұл пікірмен келіспейді. Егер мораль әрбір мәдениетке қарай салыстырмалы ғана болса, онда мәдениетте толеранттық принципі жоқ, оның өкілдері толерантты болуға міндетті емес. Херсковиц толеранттық принципін өз релятивизмінің жалғыз ерекшелігі ретінде қарастыратын секілді, дейді Пожман. Ол оны абсолютті моральдық принцип ретінде қабылдайтын көрінеді. Релятивистік көзқарас тұрғысынан толерантты болудың толерантсыз болудан басқа себебі жоқ, әрі бір де бір ұстаным басқасынан объективті моральдық жағынан артық емес.

Релятивистер толерантсыздарды сынауға қажетті дәлелдеме келтірмейді ғана емес, олар өздері жағымсыз деп санайтын нәрсеге қолдау білдіретіндердің қайсысын болмасын ақылға қонымды мәнерде сынап алмайды, сынауға лайық дәйек келтірмейді. Дәлелді сын объективті немесе риясыз стандартты талап етуі тиіс дейтін болсақ, онда релятивистер өз мәдениетінен тыс ешкімді де моральдық тұрғыда сынап алмайды. Адольф Гитлердің геноцидтік әрекеттері мәдени көзқарас тұрғысынан орынды болса, онда олар моральдық әділдік тұрғысынан Махатма Гандидің қайырымды әрекеттерінен еш кем түспейді. Егер конвенциялық релятивизмді қабылдайтын болсақ, онда нәсілшілдік, аса танымал емес азшылық топтарға қарсы геноцид, кедейлерді қанау, құлдық, тіпті, жеке мүддеге сай соғысуды насихаттаудың өзі осы құбылыстарға қарама-қарсы әрекеттермен теңдей моральдық сипатқа ие. Егер бір субмәдениет қандай да бір амалмен ядролық соғысты мораль тұрғысынан орынды деп шешетін болса, онда біз бұл адамдарды моральдық жағынан сынап алмас едік.

Кез-келген шынайы мораль, оның мазмұны қандай болса да, кез-келген басқа моральмен бірдей, тең құнды, әрі идеалды моральға қарағанда әлдеқайда құнды, себебі идеалды моральды ешқандай мәдениет ұстанбайды.


Этикалық релятивизмнің басқа да аландаушылық тудыратын салдарлары бар. Яғни, бұл реформаторлар әрдайым (моральдық жағынан) қателеседі дегенді білдіреді, себебі олар мәдени стандарттардың қалыптасқан барысына қарсы шығады. Демек, он сегізінші ғасырда құлдыққа қарсы шыққан Уильям Уилберфорс қателескен; Үндістандағы сати салт-жорасына, яғни, күйеуі дүниеден өткен соң олардың жесірлерін өртеу салт-жорасына, ол қазіргі кезде Үндістанда заңсыз саналады, осы жораға қарсы шыққан британдықтар моральға қарсы әрекет жасаған болып шығады ғой. Рим әскерінде қызмет етуден немесе Цезарьға ант беруден бас тартқан алғашқы христиандардың әрекеті де бұрыс болып шығады, себебі осы екі әрекет, Рим Империясы халқының басым көпшілігінің пікірінше, моральдық парыздар саналған. Демек, Исаның өзі де сенбі күні адамдарды ауруынан айықтырып, Тау үстіндегі уағызында мораль принциптерін



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Луи Пожман «Шешімді кім қабылдайды?» эссесі
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

насихаттай отырып, өз заманының заңын бұзған, себебі оның өмір сүрген кезеңінде оның өсиетін қабыл алғандар санаулы ғана болған.

Әйткенмен, біз әдетте мұны басқаша қабылдаймыз: реформатор дегеніміз – ақиқатты алға тартып, жаңашыл көзқарасты ұсынатын батыл адам, ол ақыл-ойға жүгінбейтін тобырға қарсы шығуға күш беретін ақиқатты біледі. Кей кездері адам қоғамдық айыптау мен қудалауға ұрыну қаупі төніп тұрса да, ақиқатты жанына жалау еткені жөн болып, батылдықтың бір асқақ үлгісін көрсетеді. Норвегиялық драматург Генрик Ибсеннің «Халық жауы» пьесасында доктор Стокман табысты көптеп әкелетін лас туристік курортты антисанитариялық деп жариялаймын деп, күресте жеңіліп қалған соң «біздің арамыздағы ақиқат пен еркіндіктің ең қауіпті жауы – қалың тобыр» деген сөзі бар еді.



Генрик (Хенрик) Юхан Ибсен (1828-1906 жж.) – норвегиялық драматург, еуропалық «жаңа драманың» негізін қалаушы, ақын және публицист.

Ия, сол баяғы қарғыс атқан, қалың және либералды тобыр. Өкінішке орай, тобыр соқыр күшке ие, бірақ оныкі дұрыс емес. Менікі және кейбір басқалардыкі дұрыс» дейді Ибсеннің кейіпкері күйініп. Алайда, егер релятивизм дұрыс десек, онда бәрі басқаша болады. Бұл жағдайда ақиқат – тобырға тән, ал қателесу – жеке адамға ғана тән болып шығады емес пе?

Мораль оның құндылығын мәдени тұрғыда қабылдау туралы түсінікке келгенде, одан да түбегейлі проблемаға тап болады. Мұндағы проблема – мәдениет немесе қоғам ұғымына анықтама берудің қиындығында. Бұл, әсіресе, біздікі сияқты, плюралистік қоғамға тән, онда бұл ұғым тиянақсыз, нақтыланбаған болып көрінеді. Мұндай қоғамда бір адам түрлі құндылықтарды және принциптер ұстанымдарын басым санайтын бірнеше қауымдастыққа, яғни, субмәдениеттерге тиесілі болуы мүмкін. Адам патриотизм, адалдық, ержүректілік, заңдар сияқты белгілі бір құндылықтары бар, соның ішінде түсік жасату туралы заң сияқты даулы, бірақ көпшілікпен мойындалған да көзқарастары бар, біртұтас қоғам ретінде бір ұлтқа тиесілі болуы мүмкін. Дегенмен, дәл осы адам мемлекеттің кейбір заңдарына қарсы шығатын шіркеудің өкілі болуы да ғажап емес. Сонымен қатар ол әртүрлі принциптер үстем болатын алуан түрлі әлеуметтік қауымдастықтардың өкілдері араласқан қоғамның ажырамас мүшесі, немесе басқа бір ережелер сақталатын клубтарға және отбасыларға тиесілі болуы ықтимал. Демек, релятивизм бізге, егер осы адам өзара қарама-қайшы моральдық принциптер үйлесетін қоғамның мүшесі болса, онда оның кез-келген әрекетін әрі дұрыс, әрі бұрыс та деп бағалауға болады дейді ғой. Пожманның мысалына сүйенсек, егер Мэри АҚШ азаматы және рим-католик шіркеуінің мүшесі болса, онда, егер ол түсік жасату туралы шешім қабылдаса, онда ол католик ретінде бұрыс әрекет жасаған болады, ал егер түсік жасату туралы Шіркеу іліміне қарсы шықса, АҚШ азаматы ретінде дұрыс әрекет жасаған саналады. ККК (Ку Клус Клан) нәсілшілдік университеттік бауырластықтың мүшесі ретінде Джон өзінің жолдасы - қара нәсілді студентке өзіне тең тұлға ретінде қарауға міндетті емес, бірақ университет қауымдастығының мүшесі ретінде оның нақты міндеті бар, себебі, университет ережесі бойынша, онда құқықтар теңдігі принципі қабылданған; алайда айналадағы қоғамның мүшесі ретінде ол қайтадан мұндай міндеттен босатылады, себебі, бұл қоғам құқық теңдігі принципі қабыл алмауы мүмкін. Ал жалпы принципті қабыл алатын ұлт мүшесі ретінде ол жанындағы адамдарға құрметпен қарауға міндетті. Моральдық тұрғыда Джон үшін не дұрыс? Бұл сұрақ мұндай моральдық Вавилонда өз мәнінен айырылып қалады дейді Пожман. Ол өзінің бағыттаушы функциясынан айырылады.

Бәлкім, релятивист мұндай жағдайда индивид өзі бірінші кезектегі топ ретінде қайсысына тиесілі болғысы келетінін таңдауға хақылы дейтін принципті ұстанатын болар. Егер Мэри түсік жасату туралы шешім қабылдаса, онда ол осы принципке қатысты ең алдымен қай топқа тиесілі болатынын таңдайды. Джон да топтар арасынан таңдау жасауы тиіс. Бұл нұсқадан шығатын қиындық, дейді Пожман, оның контринтуитивиялық нәтижелерге алып келуінде сияқты. Егер белгілі бір қылмыстық ұйымының адам өлтірушісі өзі әділетсіз санайтын бір банк президентін өлтіріп, өзін дұрыс сезінгісі келсе, ол осы әрекетін жалпыға ортақ қоғамдық моральмен емес, осы арнайы ұйымның моралімен сәйкестендіреді. Бұл кісі өлтіруді ақтай ма? Шынында да, бірдеңені ақтап алу үшін сол әрекетті дұрыс көретін шағын субмәдениетті құра салуға болмас па еді? Бұл жағдайда АҚШ-тағы қылмыс тарихында есімі аңызға айналған аса қатігез



кісі өлтіруші, қанішерлер тобын ұйымдастырып, бірқатар аса ауыр және сұмдық қылмыстар жасаған Чарльз Мэнсон шағын топты қалыптастыруға арқа сүйеп қана, кінәсіз адамдарды өлтірсе де, моральды тұрғыда таза бола береді ғой. Заңды субмәдениет немесе қоғамға айналу үшін топ қаншалықты үлкен болуы тиіс? Ол үшін он немесе он бес адам керек пе? Әлде үшеуі жеткілікті ме? Ойланатын болсақ, тонау жасаған серіктесім екеумізге өз моралімізді ұстанатын жеке бір қоғамымызды неге құрып алмасқа, дейді Пожман? Әрине, серіктесім дүниеден өтіп кетсе де, мен бәрібір бастапқы әлеуметтік нормалар жиынтығына жүгініп, әрекет еттім дей аламын ғой. Алайда мен не себепті тұлғааралық келісімдерден түбегейлі бас тартып, өзімнің жеке моралімді ойлап таба алмайды екенмін – бұл тұрғыдан алсақ, мораль дегеніміз - бар болғаны, ойлап табуға болатын дүние ғана емес пе? Бұлай ойлайтын болсақ, конвенционалистік релятивизм субъективизмге алып келетін секілді. Ал субъективизм, осыған дейін көргеніміздей, моральдың толықтай «опат болуына» жеткізеді.

Релятивизмнің үш тезісі

Алайда біз білетін моральдың осылай «опат болуынан» қорықсақ та, бұл релятивизмнен бас тартуға, яғни, оны жалған санауға жетерлік себеп бола алмайды. Өкінішке орай, ақиқат әрдайым өнегелі бола бермейді. Бірақ бұл ұстанымның салдарлары релятивист аргументіндегі кейбір олқылықтарға мұқият зейін салуға итермелеуге жетерліктей үрейлі. Олай болса, Пожманның осы эссесінің басында релятивизмнің үш тезісі ретінде тізбектелген алғышарттар мен қорытындыларды саралап көрелік.

1. Әралуандық тезісі. Түрлі қоғамдарда қай нәрсенің моральдық тұрғыда дұрыс немесе бұрыс саналатыны алуан түрлі, сондықтан барлық қоғамдар бірдей құп көретін моральдық принциптер жоқ деген пікірді білдіретін тезис.

2. Тәуелділік тезісі, яғни барлық моральдық принциптер мәдени қабылдауға негізделеді деген пікір.

3. Этикалық релятивизм. Алдындағы екі тезистен шығады, яғни барлық жерде және барлық замандарда барлық адамдар қолдануға болатын универсал моральдық принциптер, объективті стандарттар жоқ деген ұстаным.

Әралуандық тезісі

Осы тезистердің арасында қиындық тудыратыны бар ма? Бірінші тезисті – Әралуандық тезісін - қарастырып көрейік, біз кейде оны мәдени релятивизм деп атаймыз. Бәлкім, мұндағы әралуандық, антропологтар Самнер мен Бенедикттің пайымдауынша, аса үлкен емес шығар. Сонымен бірге, түрлі мәдениеттердің моральдық кодекстері арасындағы көптеген ұқсастықтар байқалады. Эдвард Осборн Уилсон оннан аса ортақ ерекшеліктерді анықтады, әрі оған дейін Клайд Клюкхон да кейбір елеулі ортақ тұстарды атап өткен болатын.

Әрбір мәдениетте өлім жазасынан, соғыста қаза болудан және басқа да «ақтауға болатын адам өлтіруден» өзгеше кісі өлтіру тұжырымдамасы бар. Инцест және сексуалды мінез-құлықтың норма ұғымдары, белгілі бір жағдайларда өтірік айтуға тыйым салу, реституция және реципрокация, ата-аналар мен балалар арасындағы өзара міндеттемелер - осы және басқа да көптеген моральдық тұжырымдамалар барлық мәдениеттерде универсалды, деп тұжырымдайды Пожман.

Ал мейірімділік пен өзара ынтымақтасу принциптерін ұстанбайтын халықтың үлгісі ретінде қарастырылып келген Солтүстік Угандадағы садистік, жартылай көшпелі Ик тайпасын сипаттаған антрополог Колин Тернбулл осы жоғалып кетуге жақын қауымның сыртқы бейнесінен ішкі дүниесіне тереңірек үңілсек, бұл тайпаның өсіп-өркендеген кезеңінен қалған моральдық кодексі бар екенін, әрі кей кездері ол байқалып, игі келбетін көрсететініне дәлел келтірді.

Бір жағынан, сан алуан мәдениеттер бар, әрі көптеген қоғамдар мүлде әртүрлі кодекстерді ұстанады. Мәдени релятивизм шындыққа жанасатын сияқты, бірақ бұлай болса да, мұның өзі этикалық релятивизмнің ақиқаттылығына дәлел емес. Мәдени әралуандық теориялар арасында өз алдына бейтарап. Объективист толық мәдени релятивизммен келіссе де, универсализмнің бір формасын қорғай береді; ол тек кейбір мәдениеттерде дұрыс моральдық принциптер жоқ деп сендіруі мүмкін.

Екінші жағынан, толық мәдени релятивизмді терістеу (яғни, кейбір универсал принциптерді мойындау) этикалық релятивизмді жоққа шығармайды. Себебі, біз тіпті бір немесе бірнеше универсал принциптерді анықтасақ та, бұл олардың қандай да бір объективті мәртебеге ие екендігіне дәлел болмас еді. Біз әлде де болса, осы ережеден тыс боларлық мәдениетті елестетіп, оны сынауға қабілетсіз болар едік. Осылайша, бірінші алғышарт өздігінен этикалық релятивизмді меңземейді, ал оны терістеу этикалық релятивизмді



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Луи Пожман «Шешімді кім қабылдайды?» эссесі
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

жоққа шығармайды.

Тәуелділік тезисі

Екінші маңызды тезис – Тәуелділік терминіне бет бұрайық. Мораль тұйық вакуумда пайда болмайды, ал моральдық жағынан дұрыс немесе бұрыс саналатын нәрселер қарастырылып отырған қоғамның мақсаттарына, қажеттіліктеріне, сенімдеріне, тарихына және қоршаған ортасына қарай белгілі бір контекст аясында саралануы тиіс. Біз тәуелділік тезисінің әлсіз және күшті түрін ажыратып алдық. Әлсіз тезис принциптердің қолданылуы нақты мәдени жағдайларға тәуелді деп тұжырымдайды, ал күшті тезис бұл принциптердің өзі осы жағдайға тәуелді деп сендіреді. Нонрелятивист моральдық принциптердің сенімдерге, тарихқа және қоршаған ортаға тәуелді түрлі мәдениеттерде қалай қолданылатынына байланысты белгілі бір салыстырмалылықты қабылдай алады. Мысалы, табиғи ресурстары шектеулі жабайы ортада объективист эскимостардың этназиясын ақтаса да, басқа ортада ол бұл практиканы дәйекті түрде теріске шығарар еді. Судандағы тайпалар бірінің мүшелері өздерінің кем боп дүниеге келген балаларын өзенге тастайды, себебі олар мұндай балалар гиппопотамның, өзен құдайының меншігінде екеніне сенеді. Біз олардың бұл сенімін жалған санаймыз, бірақ осы екі қарама-қарсы практикаларда жеке меншікті құрметтеу және адам өмірін қастерлеу сияқты бірдей принциптер басшылыққа алынады. Олар бізден моральдық принциптерімен емес, тек сенімімен ғана өзгешеленеді. Бұл моральдан тыс сенімдер, мысалы, кем боп туылған балалардың гиппопотамға тиесілі екендігі жалпыға ортақ моральдық принциптермен, мысалы, әркімге өзіне тиісті нәрсесін беру керек деген ұстаныммен үйлестіре қолданылғанда түрлі мәдениеттерде әртүрлі әрекеттерге қалай ұласатынын көрсетеді. Біздің мәдениетімізде нәрестенің мәртебесі туралы моральдан тыс сенімдегі өзгешеліктер қарама-қарсы моральдық ұйғарымдарды тудырады. Осылайша, моральдық принциптер тәуелділігінің төмен болуы этикалық релятивизмнің ақиқаттылығын дәлелдемейді. Бұл әлсіз факторларға тәуелділікке қарамастан, барлық мәдениеттерге қатысты қолданылатын және тіпті мәдениет есебінен елемейтін көпшілік мойындалған жалпы моральдық нормалардың жиынтығы әлі де болуы мүмкін.

Этикалық релятивизм

Релятивистке барлық принциптер, түптеп келгенде, мәдени туындылар дейтін тәуелділік туралы мықты тезис қажет. Алайда біз моральды не себепті осылай қабылдауымыз керек? Тәуелділіктің күшті тезисін әлсіз тезистен бұрын ұсынуға не түрткі болуы мүмкін? Релятивист, шын мәнінде, мұндай шешім шығаруға болатындай айқын риясыз өлшем жоқ деп қарсылық білдіре алады. «Қай мәдениеттің дұрыс, қай мәдениеттің бұрыс екенін кім айта алады?» деп сұрайды Пожман. Бірақ бұл бәрібір күмәнді болып қала береді. Біз бір жүйенің екіншісінен артық екенін дәлелдеу үшін түрлі себептер мен көрнекі ойша эксперименттер келтіруіміз мүмкін. Біз өзіміздің моральдық сенімдеріміз басқа мәдениеттегі немесе өз мәдениетіміздегі басқа адамдардың сенімдеріне қарағанда ақиқатқа жақын деп толық сеніммен айта алмаймыз, бірақ біздің бұл ойымыз дұрыс болуы да мүмкін. Егер біз фактілер немесе ғылыми мәселелерге қатысты ақиқатқа жақындай алатын болсақ, онда моральдық мәселелерге келгенде не себепті ақиқатқа жақындай алмай қаламыз? Не себепті мәдениет өзінің моральдық түсініктеріне келгенде жай ғана шатаса немесе қателесе алмайды? Неге біз Ик сияқты өз балаларының отқа құлап жатқанына қарап отырудан жаман ештеңе көрмейтін қоғам өз балаларына қамқорлық жасап, оларды қорғайтын және оларға тең құқықты қамтамасыз ететін мәдениетке қарағанда моральдық жағынан төмендеу деп айта алмаймыз? Белгілі бір ұстанымды таңдау – этноцентризм қателігіне ұрыну дегенді білдірмейді, себебі біз принциптерді тек өз әдебімізді сынаққа алмай қабылдау арқылы емес, сыни ақыл-ой арқылы ажыратып алуға талпынамыз...

Қорытындылай келе, Пожман мынадай тұжырым жасайды: (1) мәдени релятивизм, яғни, моральдық принциптерге қатысты мәдени айырмашылықтар бар деген факт этикалық релятивизмге немесе объективті түрде шынайы универсал моральдық принциптер жоқ деген тезиске жетелемейді; (2) Тәуелділік тезисі, яки, мораль заңдылығы жеке дара мәдени қабылдаудан туындайды деп сендіретін тұжырым – қате; (3) жалпы адам табиғатына және мүдделер шиеленісін шешу мен өсіп-өркендеу қажеттілігіне негізделген универсал моральдық принциптер бар. Сонымен, Пожманның осы эссесінде қойылған: «Ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін кім шешуі керек?» деген сұраққа қайта оралсақ, жауап: Біз. Алайда, Біз шешім қабылдағанда, мұны келтіре алатын ең үздік дәлелдерімізге арқа сүйеп, жанашырлықпен және түсіністікпен жасауымыз қажет.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Луи Пожман «Шешімді кім қабылдайды?» эссесі
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Ruth Benedict, "Anthropology and the Abnormal," *Journal of General Psychology* 10 (1934).
2. Friedrich Nietzsche, *Will to Power* (New York: Random House, 1968) no. 481.
3. Martha C. Nussbaum, *Women and Human Development* (Cambridge: Cambridge University Press, 2001).
4. Richard Rorty, "Pragmatism, Relativism, and Irrationalism," *Proceedings and Addresses of the American Philosophical Association* 53, no. 6 (1980).
5. G. E. Moore, *Principia Ethica* (Cambridge: Cambridge University Press, 1903).
6. Bruce W. Brower, "Dispositional Ethical Realism," *Ethics* 103, no. 2 (January 1993).
7. John Lachs, "Relativism and Its Benefits" *Soundings* 56:3 (Fall 1973).
8. W. D. Ross, *The Right and the Good* (Oxford: Oxford University Press, 1930), Chapter 1.
9. Ernest Hemingway, *Death in the Afternoon* (New York: Scribner's, 1932).
10. *Patterns of Culture* (New American Library, 1934).
11. Melville Herskovits, *Cultural Relativism* (New York: Random House, 1972).